

Абай облысы мәслихатының 2022 жылғы 28 желтоқсандағы № 12/79-VII "Абай облысы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы" шешіміне толықтыру енгізу туралы

Абай облысы мәслихатының 2024 жылғы 11 қыркүйектегі № 18/124-VIII шешімі. Абай облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 12 қыркүйекте № 329-18 болып тіркелді

Абай облысының мәслихаты ШЕШТІ:

1. Абай облысы мәслихатының "Абай облысы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы" 2022 жылғы 28 желтоқсандағы № 12/79-VII шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31613 болып тіркелген) келесі толықтыру енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 2 қосымшасы мынадай мазмұндағы 13 тармақпен толықтырылсын:

13. Басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Абай облысы мәслихатының төрағасы

К. Сулейменов